



The New York Times

ТОРДАҒЫ «СЕРКЕ»



Шығыс Африкада тағы жанжал шықты. Ендігі даулы орта – Уганда елі. Апта басында мемлекетте жаппай тәртіпсіздік орнап, қақтығыс нәтижесінде 40-тан астам азамат көз жұмған. Кікілжінің басты себебі президенттікке үміткер оппозиция серкесі Боби Вайнның қамауға алынуы еді. Осыған орай «The New York Times» газеті кезекті санында Абди Латиф Дахирдің «Шығыс Африка көшбасшылары саяси қарсыласын жаныштауда» атты мақаласын жарыққа шығарды. Басылымның Африка құрлығындағы теңдессіз тілшісі саналған Абди Латиф Дахирдің бірнеше мақаласына бұған дейін де талдау жасаған болатынбыз. Автор бұл жолғы сараптамалық ізденісінде оқиғаға жан-жақты баға бере суреттеп, түрлі пікірді бір арнаға топтастыра білген.

«Угандалағы сайлау науқаны қарашада басталды. Сайлауалды шараның бірінде полицейлер оппозиция көшбасшысы Боби Вайнды көзжасаратқыш газбен атқылап, ұрып-соғып қамауға алған. Соттағы басты нәтижеме – саясаткердің коронавирус шектеуіне мойынсыбай үгіт-насихат шарасын жүргізген айыбы. Телефон арқылы байланысқан сәтте қамауға алынған оппозиция серкесі: «Олардың мақсаты мені өлтіру екенін білемін. Алайда біз алға қойған мақсатымызды тоқтатпаймыз» деді. Жаппы Африкада саяси қадам жасап, билікке ұмтылған партия басшысы мен белсенділерді қудалау белең алу. Ресми биліктің үйреншікті әдісі – түрмеге тоғыту, райынан қайтару, үнін шығармау. Мысалы, Эфиопия билігі медиа-магнат, оппозиционер Джавар Мохаммедті терроризм айыбымен бес ай абақтыға қамаса, Танзанияның кейбір депутаты саяси қысымнан елден кетуге мәжбүр болған. Сарапшылар болса мемлекет басшылары өз билігін нығайтуға және өзге пікірдегі азаматтарды жаныштауға коронавирусты желеу етеді деп алаңдауда».

Автордың сөзінше, кезекті сайлау уақыты келер жылдың қантарына деп келмек. Алайда жойқын қысымға ұшыраған Боби Вайн жақтаушыларының билікті қолға алу, президент Йовери Мусевенди тақтан тайдыру ойы жүзеге аспайтын секілді. Қарсылық шарасында 600-ден астам адам қамауға алынып, 40-тан аса адам қаза болғанымен, билік Боби Вайнды бостандыққа шығаруға көнбей отыр.

Сондай-ақ мақалада «Африкадағы көтеріліс: ұлттық қарсылық пен саяси өзгеріс» кітабының авторы және Нью-Йорк қалалық университетінің профессоры Захария Мэмшиллин пікіріне де орын беріпті:

«Демократия дәуірі келген 1990 жылдан бері оппозиция көп кедергіге душар болды. Билік қауқарлы оппозиция өкілдерін көзі шалса, қолда бардан айырылмау үшін жаныштау амалын қолданады», – деген З.Мэмшиллин.

THE WALL STREET JOURNAL.

ЖЕРСЕРІКТЕН ЖЕТКЕН АЖАЛ



Өткен аптада «Иран ядролық қаруының атасы», ғалым Мохсен Фахризидеге қастандық жасалды. Қастандық құралы жерсерік арқылы басқарылатын қару болып шықты. Иран тарапы қаза тапқан ғалымның өлімін Израильден көруде. Әлемдік БАҚ-тың назарына іліккен оқиға «The Wall Street Journal» басылымының да бас мақаласына арқау болып, зерттеу жүргізген. Сан Энгель Расмуссен мен Ареус Эхбалдің «Иран ғалымы жерсерік соққысынан жан тапсырды» атты бірлескен мақаласы авторлардың оқиғаға салмақты ізденіспен ден қойғанын аңғартады. Мақаладан бөлек арнайы инфографика әзірлеп, ғалымға жасалған шабуылдың ықтимал әдісін көрсеткен.

«Өткен аптада ядро ғылымының белді өкілі қашықтан басқару операциясы нәтижесінде қаза тапты. Жоғарғы ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Али Шахмани «Қарсыластың мүлде жаңа ұрыс әдісі мен кәсіби шеберлік қолданғаны байқалады. Мақсат та айқын болған секілді» деген пікір білдірді. Иран мемлекеті бұл оқиғаға Израиль қаруының қатысы барын баса айтып, жауапты да сол ел беруді қажат деген талап айтты. Алайда Израиль тарапы мәлімдеме жасауға асығар емес».

Авторлар нақты дереккөз бен ақпаратты алу барысында түрлі айла мен сақтыққа барған секілді. Мәселен, алғаш болып ғалымның өлімін есірткен Иранның жоғары лауазымды шенеунігіне сілтеме жасағанымен, нақты есімін атамайды. Сонымен қатар қаза болар алдындағы ғалымның қозғалыс маршруттың дәл уақыт көрсеткіші және оқиға кезіндегі көліктердің орналасу бағыты мен маркаларына дейін нақтылаған. Мұндай аз уақыттың ішіндегі нақты да ауқымды ізденіс тілшілердің кәсібилігінен хабар бергендей.

«Қаза табар алдында Мохсен Фахризидеге әйелі екеуі жұма күнгі демалысты пайдалану үшін солтүстіктегі Ростамкеда қаласынан Тегеранның шығысындағы Абсард қалашығына жолға шығады. Онда зиялы қауым демалатын зәулім виллалар орналасқан әрі ауа райы да жайлы. Абсарда аттанған ғалыммен сапарлас төрт көлік болған. Қатарлас төрт көлік сағат 14:30 шамасында күре жолға түседі. Сол сәтте Nissan көлігіне орнатылған қашықтан басқарылатын пүлемет қаруы оқ жаудырыпты. Қақтығыс кезінде оқ өтпейтін көлікте отырған ғалым бір сәтке сыртқа шығуға мәжбүр болған. Сол сәтте ғалымның арқа тұсына оқ тиіп, жаракаттанады. Іс біткен сәтте 150 метр қашықтықта орналасқан Nissan көлігі де жарылып кеткен. Мохсен Фахризидегі алдымен жергілікті ауруханаға, содан соң ұшақпен Тегеранға жеткізілді. Алайда омыртқадан тиген оқ ғалымды тірі алып қалуға мүмкіндік бермеген».

4 БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет • E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

5 желтоқсан сенбі

№94 (1695)

2020 жыл

апталығы

■ ИГІЛІК

ҚЫЗЫЛОРДА: МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Бұрын Сыр өлкесін былайғы жұрт ауыл шаруашылығына бейімделген аймақ дейтін болса, қазір өндірісті өңірге айналып келеді. Тіпті Қызылорда алып құрылыс алаңы іспетті. Мемлекет әлеуметтің әлеуетін арттыруға бағытталған түрлі бағдарлама қабылдаған. Сырдың жүрегі саналатын Қызылорда қаласында мемлекеттік бағдарламалар қалай орындалуда? Бүгін осы жайын тарқататын боламыз.

Жуырда қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәслихат депутаттарының алдында баяндама жасап, он айдағы толымды тірлікке тоқталған болатын. Халық қалаулылары бас қосқан жиында қала басшысы жыл басынан бері атқарылған жұмыстың тиегін тарқатты. Соның ішінде мемлекеттік бағдарламалардың қалай орындалып жатқанын да мәлім етті.



3 БЕТТЕ

■ ӘЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ШАБЫТ СЫЙЛАҒАН

САБЫН

Қала тұрғыны Гүлназ Жармұхамедованың кәсібі өзгелерден ерек. Ол сабын жасаумен айналысады. Оның кәсіп бастауының өзі қызық.



Жалпы кез келген жиын, тойдан сыралғы деп әрі жұғысты болсын деген ізгі ниетпен тойбастар таратылатыны белгілі. Кейіпкеріміз де бөпесінің бесік тойына әзірлік барысында осыған ерекше көңіл бөліпті. Тойда бұрын-соңды кездеспеген ерекше сый жасағанды құп көреді. Осылайша көптен қызығып жүрген түрлі пішіндегі иіс сабын таратуды жөн санайды. Алайда мұндай сабынның нарықтағы бағасы қалтаға әжептәуір салмақ түсіреді екен. Осыны ескерген Гүлназ бұл істі өзі қолға алмаққа ниеттеніпті.

4 БЕТТЕ

■ ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ЖАҢА ӘКІМНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ?

«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов. Жаңадан келген кент әкімі қандай жұмыс атқарып жатыр? Алдағы уақытта қай мәселе шешімін таппақ?

2 БЕТТЕ



БАСПАСӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІ



2 БЕТТЕ

БАСПАСӨЗДІҢ ҚҰДІРЕТІ

Баспасөздің құдіреті де осы кезге дейін біздің санамызға сіңіп, әбден дәлелдеуін қажет етпейтін аксиомаға айналды. Бүкіл бұқараны өз жанына топтастыра алатын да – газет. Бұл қоғаммен байланыстың әбден сыннан өткен құралы екені даусыз. Қай уақытта да, қай қоғамда да өзінің тарихи орнын жоғалтпаған, қайта одан әрі негіздей түскен ақпарат құралдарының алғы легіндегі идеологиялық жұмыстың басты қаруы екені даусыз.

алдында абыройсыздыққа әкеліп соғады. Менің өмірлік тәжірибемде болған мына фактілерді еске түсіргім келіп отыр.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасы. Шиели ауданында қызмет жасаймын. Аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Ә.Исмаилов пен аудандық «Өскен өңір» газетінің арнаулы тілшісі Тұрғанбек Қарымқұлов үшеміз көктемгі мал төлдету кезінде Сырдария совхозының Назар Уәшев басқаратын №3 фермасының шопаны Сәулебек Қариевтің «Нәнаси» бойындағы отарына келгенбіз. Күн жауып тұр, қар аралас бұршақ. Жарықтық СЖК-ның құдіретімен аналық қойлар егізден, үшеуден туып, өлі қозылар саны жетерлік еді. Егер жаны бар қозы болса, оны тірі қалдыруға Сәулебектің әйелі бар күшін салып жүр. Адам айтса сенісіз қарбалас сәт. Малдың бабын табу бұл кезде екінің бірінші қолынан келе бермейтіні анық нәрсес. Не де болса көзбен көрмей оны жазып, қалың жұртқа жеткізу қай журналистке болса да онай шаруа емес. Бізде кабинетте отырып, адамның аты-жөні, мамандығы, көрсеткіштері болса, талай нанымды болатындай мақалалар жазып жүрген тілшісіміздеріміз аз ба? Бүгінгі оқиға Тұрғанбекке ой салған болуы керек, бірден Сәулебектің әйелінің жанына келіп: «мен сіз туралы жазамын» демесі бар ма.

Ол кісі «мен туралы жазамын» деп бірден бетке айтты. Ондай сөзді күтпеген Қарымқұлов: «мен неге жазамын, талай очерк де жазғаным, теміржолшыны да, осы жолы сізді жазамын» деп аудандық совет атқару комитетінің төрағасының алдында өзін көрсетіп дәлелдеуге тырысып бағуда. Апай өз ойын жалғастырып, «мен туралы жазу үшін, әуелі менің істегенімді сен өзін істеп көр, өз басымнан өткіз, әрі бір күн емес табаны күрекеті бір апта, осындай ауа-райын басыннан кешіп, сонда ғана мен туралы шынайы материал жазасын» деп қорығанды жасады. Құлағы шалалау естігін апаймыздың сөзі міндетті оғындай болғаны



рас. Бұл шын мәнінде болашақ кейіпкер мен автордың арасындағы шынайы өзара талап қоюшылық шартының үлгісіндей көрінді. Менің ойымша, Түрекен күтпеген жауап алды. Ол өзіне де сабақ боларлық тәлім болғаны шындық еді. Бұларды айтып отырғандағы мақсатым, газет бетінде жарияланған қандай да бір материал болмасын шындықтың іргетасына қалағаны дұрыс. Сонымен қатар газет тілшісінің ешуақытта өз қиялына беріліп кетпей, шынайы болмыстың шекарасынан аттамағаны дұрыс, басқаша жағдайда оқырмандарының наразылығына ұшырауы мүмкін. Газетке материал дайындаудың жауапкершілігі де мынада еді. Жылдар өткен сайын оның құндылығы артып, өткен өмір жолдарымыздың куәгері болып, тарихқа айналғанын ескергеніміз дұрыс-ақ. Тарихтың ешуақытта құлы болуына жол бермеуіміз керек. Сондықтан да газет мақалаларының шынайылығы аса қажет, сонысымен де құнды.

жиналыстарында айтылған коммунистердің сын-ескертпелерінің орындалуы барысы жайлы мәселе қаралатыны айқындалды. Арнайы бригада мүшелері келіп, зерттеу жұмысын жүргізді. Әрине, жеткілікті дәрежеде ескертпелер болған. Олардың ішінде Төңкеріс қолжозының коммунистері ауылда балабақшаның жоқтығына көптеген жұмысқа жарамды жас әйелдің шаруашылық жұмысына қатыса алмай отырғанын баяндаған. Айтқандай-ақ сол күні «Өскен өңір» газетінің бұдан 40 жыл бұрынғы «Стахановшы» газетінде де (аудандық газеттің бұрынғы атауы) осы қолжоздың қолжозшылары ауылда балабақшаның жоқтығы жөнінде аудан басшылығына ұсыныс қойған екен. Көрліңіз бе, мәселе 40 жыл бойына шешілмей келген болып шықты. Материалдың шынайылығына көз жеткеннен кейін аудан басшылығы сол балабақшаның салуды қолға алып, іске қосқанына куәгер болғанымыз бар. Жалпы газет қала не облыс басшылығының алға қойған міндеттерін ойдағыдай шешуде қалың бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдырудың ұйымдастырушылық қасиетке не идеологиялық жұмыстың басты қаруы екенін мойындағанымыз дұрыс.

Ал жеке газеттерге келсек, бұл басқаша талдауды қажет етеді. Жеке тұлғаның не кейбір топтардың амбициясы үшін, қара басының қамын күйттейтін онды-солды сөз айтып ой өрбітетін, қалың бұқараны шатастыратын ақпарат құралдары да, газеттер де жеткілікті. Не нәрселе конституциялық талапқа сай, заман реттелетін тұжырымдардан ауытқымауды, ел бірлігін сақтауды басты мақсат етіп алуды қажет етеді.

Мәңгілік ел болу тұжырымдамасын әрбір азаматтың шынайы, адал көзқарасын қалыптастыруда бүкіл жауапкершілік кіші кітаптай қызмет жасауы тиіс. Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ жауапкершілік бір арнада болса ғана мәңгілік ел болуымыздың іргетасы берік қаланады. Шынайы азаматтық ұстанымым да, пікірім де осы. Сайлауды ӘБШЕВ, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері

ҚАБЫЛДАУ

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезекті қабылдауда тұрғындар тарапынан айтылған мәселелерге жіті назар аударып, мүмкіндігінше шешу жолдарын қарастырды. Қала тұрғындары өз кезегінде маңызды мәселелерді қозғап, сауалдарын жолдады. Тұрғындар сауалы үй, жер, жол және т.б. мәселелер төңірегінде қойылды.

ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАУДА ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕ ШЕШІЛДІ?

Әр тұрғынды жеке тыңдаған қала басшысы, мәселенің желеп шешілуін назарға алды. Саяхат шағын ауданында балалар ойын алаңын салуды сұраған тұрғынның сауалына орай тиісті сала мамандарына жыл аяғына дейін ұсыныс беруді тапсырды. Жерін заңдастыру бойынша онлайн қабылдауға жүгінген тұрғынның да сауалына қатысты заң шеңберінде жұмыс жасалып, мәселенің апта ішінде шешілетіні айтылды.

Сонымен қатар қабылдауда қойылған басқа да сауалдарға байланысты жауапты сала басшыларына тиісті тапсырма беріп, орындалу барысы өз бақылауында болатындығын жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін қала әкімі 1000-нан аса қала тұрғындарын қабылдаған болатын. Пандемия кезінде де әкімдікке жүгінгісі келетін азаматтарды карантиндік талаптарды сақтай отырып, онлайн қабылдау жүргізуде. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселенің шешілуін ұдайы назарда ұстап келеді. Қоғамдық қабылдауды онтайландыру мақсатында азаматтарға барынша ыңғайлы жағдай жасап, электронды кезек жүйесі қарастырылған.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ардақ Ерсейітов қалаға қарасты кент және ауылдық округтердегі «Сервистік әкімдіктің» жұмысымен танысты.

«СЕРВИСТІК ӘКІМДІКТІҢ» ХАЛЫҚҚА ПАЙДАСЫ

Осы мақсатта халық пен билік арасындағы ашықтықты, жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында Тасбөгет кенті әкімдігі аппараты 2 жыл көлемінде «OPEN SPACE» форматында жұмыс істеп келеді. Ал бұныдан бастап қызмет алушыларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қажетті жағдайлардың барлығы қарастырылған «Сервистік әкімдік» қағидаты бойынша халыққа қолжетімді қызмет көрсетуді бастады. Был онтайландырылған сервис арқылы 2 мыңнан аса кент тұрғыны мемлекеттік қызмет түрін пайдаланған.

Тұрғындар «Сервистік әкімдік» арқылы жерге қатысты кез келген мәселесін шешіп, әлеуметтік сала бойынша сауалдарын жолдады. Сонымен қатар «Сервистік қызметке» «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек»

мемлекеттік бағдарламасы бойынша бағат-бағдар беру жұмыстары да кіреді. «Сервистік әкімдік» аясында ауыл шаруашылығы бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне сәйкес тиісті жұмыстар да атқарылады. Ақсуат ауылының тұрғыны Сейіткасым Таурбаев «Сервистік әкімдік» қызметінің енгізілгенін ризашылығын жеткізді. Ол жеке куәлігін ауыстыру үшін әкімдіктің сервистік қызметіне жүгінген. Қызылорда қаласы еліміз бойынша бірінші болып, қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде «Сервистік әкімдік» қызметін жүзеге асыруда. Жаңа форматқа көшу тұрғындар үшін барынша ашық және қолайлы болып отыр. Бұл өз кезегінде жұмыс тиімділігін арттырып, тұрғындардың бір орнынан қызмет алуына мүмкіндік береді, – деді қала басшысы.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.



ЖАҢА ӘКІМНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ?

– Сынды қалай қабылдайсыз? – Сынды жақсы қабылдаймын. «Сын түзелмеймін түзелмеймін» дегендей, егер сын орынды болып, бір негізге сүйеніп айтылған болса, адам сыналған сайын шыңдала береді деген ойдамын. – **Быылғы біткен іс?** – Быыл кент үшін үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында Т.Батыршаев, А.Әбдібаев, Ж.Бәкішов көшелері күрделі жөнделуіне өтсе, Қ.Әбензов көшесіне орташа жол жөндеу жұмысы аяқталды. Кенттің жаңадан қалыптасып келе жатқан аумағындағы 15 көшеге малта тас төсеу үшін қала бюджетінен қазіргі таңда бөлінген қаражат есебінен жобаның 11 көшесіне жұмыс қарқынды жүргізілуде. Оған қоса «КОПЭС» саяжайына баратын 4,3 шақырымды құрайтын жолға қалалық бюджеттен қаржы бөлініп, құрылыс жұмысы жалғасуда. Сондай-ақ көшелерге жарық бағаналары қойылды. Қала басшылығы тарапынан «Сабалақ» саяжайына да ерекше көңіл бөлініп отыр. Облыстық бюджеттен қаржы қаралып, қалалық электр тарату торабы арқылы «Медик», «Монолит», «Қаржыгер», «Обувщик», «Мелиоратор», «Дорожник» бау-бақша серіктестігіне 6 трансформатор, 488 дана электр бағанасын орнату жұмысы қарқынды. Сонымен қатар ауыз су мәселесі де қолға алынды.

Бұл жөнінде бірнеше рет мәселе көтеріп, меншік иесімен сөйлесіп, саябақты жөнге келтіру жөнінде ескертілді. Алайда жеке кәсіпкер оншақты жылдың көлемінде ешқандай нәтиже шығармай келеді. Осыған байланысты таяу уақытта кент әкімдігі қоғамдық кеңес отырысында меншік иесінің және кәсіпкерлер құқығын қорғау саласындағы құзырлы мекемелер мен әділет органдары өкілдерінің қатысуымен мәселені талқылап, тиісті қорытынды шығаратын боламыз. Себебі кент тұрғындары да, соның ішінде белсенді азаматтарымыз да осы мәселені жан-жақты қозғап, саябақтың қайта қалыпқа келтіріліп, демалыс орны ретінде жұмыс жасауын талап етуде. – **Мәселесі бар қоспабатты үйдің жайын қалай шешесіз?** – Қоспабатты тұрғын үйлердің қазіргі жағдайына толық қанықпын. Негізінде ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы бойынша жүзеге асырылуда. Қоспабатты үйлердің әрбір пәтері жеке үй ретінде қаралғандықтан, жергілікті бюджет есебінен оларды күтіп ұстауға қаржы қаралмайды. Осы бағытта біздер тұрғын үй саласындағы қалалық құзырлы органдар және пәтер иелері кооперативі өкілдерімен бірлесіп отырып тұрғындармен жиі кездесуіміз, үйлерді модернизациядан өткізу, үй кезегіне тұру бағытында түсіндірме жұмысын жүргіздеміз.

Сонғы жылдары өңірімізде тұрақты үйі жоқ, баспасында мәселесі бар және тұрмысы төмен отбасыларға пәтер сыйлап, қайырымдылық танытып жүрген азаматтар қатары көбейе түседі. Біз де осы секілді жанашыр жандардың қолдауына сүйеніп, оларды игі істерге тартудамыз. Осылайша тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетуге тырысып келеміз. – **Тасбөгетте жаңу жүргізуі жолы мәселесі барын білесіз бе?** – Кент тұрғындарының көбіне қозғайтын тағы бір мәселесі – жаңу жүргізуі жолын салу. Бұл бағытта жобаларды әзірлеу үшін алдымен демеушілік көздері арқылы металдық құжаттарын дайындау жұмысы жүргізілуде. – **Кенттің жаңа қоныс аумағына электр желісін жүргізу жұмысы қалай жалғасуда?** Жалпы жауын-шашынның кезінде жарық өшіп қалады дегенді жиі естиміз... – Жұмыс жалғасын табуда. Кенттің шет аймағындағы 4 көшеге жаңадан электр желілерін тартуға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, осы кезде электр бағаналары орнатылып, жеке үйлерге желі тарту жүргізілуде. Сонымен қатар кенттің жаңадан қалыптасып келе жатқан аумағына және ішінара қалып қойған көшелеріне электр желілерін тарту үшін қалалық құрылыс бөліміне ұсыныс беріліп, тиісті жобалаушы мекеме арқылы жоба сметалық құжаттары әзірленуде. Жалпы жарық мәселесі назардан тыс қалмайды.

Әңгімелескен Ақтөлкын НҰРЛЫБАЙ Суретті түсірген: Н.НҰРЖАУБАЙ.

ТӨРТ БАЛА КӨП БАЛА МА?

Қоғамның басты байлығы – адам. Ал адамның ең үлкен бағы да, байлығы да бала. Ал көпбалалы болу – ол тәңірдің адамға берген теңдессіз сыйы.

айтуынша, төрт балалы аналардың жәрдемақысын қысқарту және көпбалалылар санатынан алып тастау мәселесі мүлдем қаралып жатқан жоқ екен.

– Ағымдағы жылдың 1 қазанына аз қамтылған тұрмысы төмен 5577 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, барлығы 1 905 350,5 мың теңге төленді. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың ішінде көпбалалы аналар саны – 2045. Табыстарына қарамастан төрт және одан да көпбалалы аналарға ай сайын төленетін жәрдемақы бөлім арқылы төленбейді. Ол тек мемлекеттік корпорация арқылы ғана төленеді. Мен көпбалалы аналарымызға осыны айтқым келеді, – дейді қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі басшысының орынбасары А.Кисава.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елімізде көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақыны 400 мыңға жуық отбасы алады. Ал 1 шілдеден бастап көпбалалы отбасылар мөлшері өзгертілген жәрдемақыға қол жеткізгісі. Қазіргі таңда 4 баласы бар отбасыға 44500 теңгенің көлемінде төленеді. Әрбір бала қосылған сайын, 11 мың теңге көлемінде қосылып отырады, – дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әлеуметтік көмек департаменті директорының орынбасары Асқар Ниязов.

Айта кетейік, аталған мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан көп, көмектегі болмаған немесе күндізгі бөлімде оқитын 23 жасқа дейінгі студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бала алады. Осы жылы қаңтар-қазан айы аралығында көпбалалы аналарға 191 миллиард теңгеге жуық жәрдемақы тағайындалыпты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Бүгін қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов пандемия кезіндегі қиын кезеңде қоғам пайдасы үшін игі істер жасаған ұстаздарды қабылдап, шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысын жеткізді.



Қала әкімінің орынбасары көктем, жаз айларында карантин талаптары күшейіп, халық саулығына қауіп төне бастаған уақыт қайта ораламын тұрғындарға байланысты екенін баса атап өтті. Осындай қиын кездері қала аумағына қойылған санитарлық бақылау бекеттерінде қызмет

еткен азаматтарға алғысын жеткізді. Ел амаңдығы үшін қызмет еткен азаматтық ұстанымдары айрықша атап, қаланың дамуына қал-қалірінше күш біріктіріп жұмыс істей беретініне сенім білдірді. Төтенше жағдай жарияланған кезде халыққа тікелей қызмет көрсеткен

мүғалімдерді шаһар басшысының алғыс хатымен марапаттады. Жиын соңында жас ұрпақты ғана емес, болашақ қоғамды қалыптастыратын мәртебелі мамандық иелеріне шығармашылық жетістіктер тілеп, ізгі ниетін білдірді. «Ақмешіт-ақпарат»

Қызылордада «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаланың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту бағытында біраз тірлік атқарылған. Бұдан бөлек қаладағы 32 көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртылды. «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қызылорда қаласының канализациялық станцияларына реконструкциялау, жаңарту және елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасы» аясында Қызылордада 98 жоба жүзеге асуда. Соның ішінен Бәйтерек шағын ауданындағы 600 орындық мектеп құрылысы басталғанын және №23, 43, 112, 173 мектептер, Белкөл кентіндегі «Балапан» балабақшасы күрделі жөндеуден өткенін атап өтуге болады. Бұдан бөлек А.Тоқмағанбетов, М.Ералиева атындағы және Қосшыңырау ауылдық округіндегі «Абай» мәдениет үйлері жөндеуден өтті. Сонымен қатар қалалық бюджет есебінен 60 ойын алаңы жаңартылды.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған қаржыға Титов, Гагарин, Шанхай, әл-Фараби, КБИ мөлтек аудандарындағы 50 көшеге қиыршық тас төселді. Қаралған қаржы есебінен 141 көше күрделі және орташа жөндеуден өтті. «Тағзым» мемориалы, «Сыр-Ана» монументі, «Темір жол» саябағы, Назарбаев даңғылы абаттандырылды. Көпнәтерлі тұрғын үй алуларына 30 спорттық және 3 стритбол алаңы, 70 дана аялдама орнатылды. Биылғы жасалған жұмыстың қатарында 68 көшеге салынған тротуарды қосуға болады.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша Ақсуат ауылдық округіндегі №143 мектепті күрделі жөндеуден өткізуге және 16 көшенің жол жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінді. «Индустриалық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға» арналған

Басы 1-бетте

ДИНИҢ ТҰРСЫН ДІНАМАН

ПСЕВДОСАЛАФИЗМДІ ЖЕҢЕТІН ТАРИХИ САНА

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ТА РАДИКАЛИЗМ СЫЯҚТЫ ӨЗ-ӨЗІНЕН КҮШ АПАТЫН ЭНЕРГИЯ

Жарас АХАН,
Тарихшы-дінтанушы
ҚР Дін саласындағы республикалық
ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі

Қазіргі әлемдегі болып отырған діни-саяси ахуал тұрақты емес екенін, оған түрлі саяси-экономикалық астыртын күштердің жағымсыз әсер етіп отырғаны жалпы халыққа белгілі жағдай. Таяу шығыс елдерінде орын алған діни экстремистік топтардың елдер іріті салып, бүлік шығарғаны, одан қаншама жазықсыз азаматтардың жапа шеккені ақиқат жағдай. Кейбір теріс идеялардың жастардың санасына сынамапал еніп отырғаны әлі де жағдайды ушықтырмаса жақсартайтұғыны анық. Елімізде жүздеген, мыңдаған азаматтардың әлі де болса жалған ағымдардың жетегінде жүргені белгілі жағдай.

Бүгінгі ел арасында радикалды іс-әрекеттерге итермелеп отырған псевдосалафилердің (уахабилердің) теолог мамандардың пікірінше «идеялық тартымдылығы» тоқтар емес. Мұның соңы діни дүрдараздықтың тоқтамтайтындығын білдіреді. Өңірлердегі дін істері басқармаларының жыл сайынғы есептеріне назар салсақ, бүгінгі оңалту саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың нақты күрес болғанымен нәтижесі көңіл көншітпейді (мысалы өңірлердегі оңалту орталығы тарапынан жылына 100 теріс ағым мүшелері оңалтыла, теріс ағым мүшелері сонша азаматты өз қатарларына қосып алуға, мұны псевдосалафилер сананың азаймағынан да байқауға болады). Бұл күрес жұмыстарының барысы оңды болғанымен, нәтиженің елдік, ұлттық мүддеге пайдалығында болып отыр. Елдегі діни экстремизммен күресте шет елдік теріс ағым жолындағы ұстаздың (шейх) діни түсінігіне өзге шет елдегі басқа бір ұстаздың түсінігімен жауап беру орын алған. Бұл түптеп келгенде ұлттық мүддені түгендемейді. Бұл радикалды ағымдармен күрестегі мамандардың да рухани жаңғыруы қажеттігін туындатады. Ол үшін өзіміздің төл ұлттық жобамыз тарихи санамен ғана қарсы тұрып, жоғымызды түгендей алмақпыз. Псевдосалафизмге қарсы идеялық тартымдылықтың орнын тарихи сана алмастыра алады.

Халықтың ұлттық болмысы мен ғылымға деген ынтысын, махаббатын оның рухын ислам арқылы да тәрбиелеуге болады. Сонда оның ұлттық ойлауы имани деңгейге, ғылымға құштарлығы екідүниелік ойлау болмысына айналады. Сол кезде ондай ұрпақты ешбір күш тоқтата алмайды деп сенем. Себебі дінде қаттылық бар. Санамыздың нағыз тәуелсіздігі осы жерден басталатын шығар.

МӘСЕЛЕ ТӘПСІРДЕ

Біздегі мәселелердің нүктесі исламда емес, тәпсірде. Ислам, – ол: Ғылым Алланың сипаты деген ислам. Ислам, ол: ұлттан жараттым деген ислам. Ислам, ол: отанының шекарасы мен тыныштығын күзеткен көз

тозақа күймейді деген ислам. Ислам, ол: сені тозақтан қайырымдылығың мен жақсылығың ғана құтқарады деген ислам. Сондықтан мәселе исламда емес, оны тәпсірлеушілерде. Ұлттық болмысты имани деңгейге көтеру үшін, ұлттық жолымызды исламмен тәпсірлеу ләзмі. Мұны жасай алмасақ, ұлтты қазіргі жаһандану жағдайында сақтап та қала алмаймыз. Уахабизмнің жаһанданудың бір бағыты екенін ұққанымыз жөн.

Бұл жастардың рухын ғылымға итермелеуге де қатысты. Біз көбінесе еуропаның ғылым жүйесін басшылыққа алуға тырысамыз. Ал ол жүйенің қазақ ғылымға итермелеуге да, ислам философиясында да бар екенін ұқпаймыз немесе мойындамаймыз. Бұл әр азаматтың ұлттық болмыс пен исламнан хабары жоғынан (шын мәнінде бар, бірақ санасы жаңғыртылмаған). Шын мәнінде исламда ұлттық рухты имани деңгейге көтеретін де, адамның рухын ғылымға баулып, итермелейтінде орасан зор күш бар. Оның шешімі тағы да тәпсірде. Тәпсіршінің өзінің санасы төмен, білімі таяз, көкірек көзі ашылмаған болса, онда

оның ойынан діни араздықты қоздыратын, радикалды, санасыз дүниелер шығады. Исламның сыртқы қалыптан гөрі ішкі мәнге түскенін түсінбей келеміз. Шәкәрімше айтқанда: «сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді». Қазақтың жаңғыруының түпнегізі осында. Ішкі күш, ішкі мән. Қасиетті құранның өзінде Аллатаға айтпайма: «Мен құдыретімді адамдар арқылы» көрсетемін деп. Тарихта ислам әлемі неге ғылымның биік шыңына шығып (сол кездің дәуірінде), классикалық ислам деген атпен танылды. Мәселе Құдай жоқтан бар жасаса, біз бардан бар жасау керекпіз (ата бабалар сөзі). Құдайдың кереметін ғылымға ұмтылып, ғылым арқылы көрсетсек болды. Бұл жерде ұлттық ғылым туралы айтып отырмыз. «Шын мәнінде білетіндеріңнен білмейтінің көп», – демеі ме қасиетті Құранда. Сондағы нақты түйін Алланың құдыретін ғылым арқылы ашып, оны халқының пайдасына ыңғайлау.

Псевдосалафизмді жеңетін Тарихи сана дедік. Қазіргі айтыс-тартыспен псевдосалафизмді түбегейлі жеңеміз деу бекершілік. Кез келген қауіпті идеологияға қарсы қуатты идеологияны ғана қарсы қойып, ойылған олқылықтың орнын толтыра аламыз. Ол идеологияның аты – «Тарихи сана». Шетелдік теологтар радикализм өз-өзінен қуат алатын энергия дейді. Ұлтжандылықта өз-өзінен қуат алатын рух. Демек қарсы қоя алатын күш табылды деген сөз. Қалған тірліктің бәрі – уақыт пен шығынды босқа өлтіру.

Бүгінгі ел арасын бүлдірген жат идеологиялардың негізі сырттан таңылғандықтан, оған қарсы күш ұлттық болмыс екенін тағы да ұғамыз. Халықтың рухын билер жат идеологияларға ұлттық құндылықты ғана қарсы қоя аламыз. Мемлекет халықтан құралады. Халық Құдайдың бір аты деген қазақ. Демек сыбызғының өзінің негізін іздеп ыңаранғаны секілді, халықта

өзінің негізін іздеп шатасумен болмақ. Шатаспаудың ең дұрысы өз негізінен рухани суару ғана. Біз бұдан сыртқы болмыстың ішкі мәнге байланысын ұғамыз. Ал ішкі мәннің өз негізінен ғана нәр алатынын бағамдаймыз. Бізге белгілісі – осы байланысты ретпен үйлестіргенде ғана халықтың өз жолынан таңбайтыны.

Қазақ ұғымында «сергек болу, тың болу» деген ұғымдар орын алған. Бұның тән емес жанға ғана байланысты екенін көреміз. Демек адам жанысына бойында құндылықтар алмасқанда жанды билер рух қалыптаспақ. Ол рух қайдан келді, бұл өте маңызды. Енген рухтың әсерінен адам санасы не тың, не ұйқыда болмақ.

Ұлты мен отанын сүю – Пайғамбардың сүннеті. Пайғамбарымыз өз ұлтының тілінде сөйлеп, өз ұлтының дәстүр-салттарын қадағалап ұстады. Демек өз ұлтының тілінде сөйлеп, өз ұлтының салтымен жүру сүннет. Қасиетті Құран Кәрімде Алланың адамдарды ұлтқа, ұлысқа, руға бөлгені айтылған. Адам өз тұмысына қарсы келіп ұлтын, ұлысын жоғалтуы Алланың еркіне қарсы шыққандық болмақ.

Исламда ұлтшылдық жағымсыз дүние емес. Керсінше адам исламды таныған сайын ұлтын сүйе бастайды. Егер исламда ұлтшылдық болмағанда Пайғамбарымыз (с.а.у.) Арабты үш сыйпатта құрметтендер демес еді. Демек ислам алдымен өз ұлтында құрметпен сүюдің өзге ұлттарды құрметтеуге жол ашатынын меңзейді.

Қасиетті Құранның «Ибраһим» сүресі, 4-аятында: «Біз әр пайғамбарды қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік» деген сөзді Сәдуақас Ғылыми атамыз келтіре отырып, дін адамдарын үшке бөліп қарастырады. Әрі аталған аяттың тәпсірі негізінде әр халықтың өз әдет-ғұрпын, өмір сүру дүниетанымын басты назарға алып, «ад-Дин уа-л-Адаб иесі и'тидал би-л-мутауассит» жолын ұстануды насихаттағанын, өзі де осы көзқарасты жақтайтынын айтады. Ислам философы имам Фазали: «Адам нені таныса, соны сүйеді. Нені сүйсе, соның соңында болады» дейді. Отанын сүйген пенде ғана Алланың сүйіп жарытады екен. Пайғамбардың «Отанды сүю иманнан» деген хадисінің мәні осында. Мұндай таным Құдайын танығаннан кеңеймек.

Сондықтан тарихи сананы әркез оятып отыру қажеттігі туындайды. Анатомия ғылымында дәлелденген «генеологиялық жады» деген түсінік бар. Яғни сонау ғасырлардан бері ата-бабалары санасындағы ақпараттың ұрпағына жеткізілуі. Мұны тарихи сана деп атамақ та болады. Бұл сана діни әрі ғылыми тұрғыдан сараптасақ та, сабақтастың көрініс екені анық. Демек кез келген тасыннан келген жат идеяларға ұрпақтың тарихи санасын жаңғырту арқылы қарсы ықпал етуге болады деген сөз.

ҚЫЗЫЛОРДА:

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?



мемлекеттік бағдарламасына сай қалада өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген 8 жоба жүзеге асуда. Ондағы 1 жоба республикалық картаға, қалған 7 жоба өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына

енгізілген. Жобалар толық іске қосылғанда 1000-нан аса қызылордалық жұмыспен қамтылатын болады.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдар-

ламасы негізінде 87 жоба қаржыландырылса, мемлекеттік қайтарымсыз грант беру бағыты бойынша комиссия шешімімен 21 адамның жобасы қолдау тапты. Екінші деңгейлі банктерде 64 жобаның құжат қаралуда.

«Қарапайым заттар экономикасын дамыту» жеңілдікпен несиелеу арқылы биыл 12 жоба қаржыландырылды. Сонымен қатар 4 жобаның құжаттары банктерде қаралуда. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында қалада жыл басынан бері шағын несиелендіру бағытында 109 жобаға қолдау көрсетілген.

Жасалған жұмыстың көлеміне қарап, атқарылған тірліктің аз емес екенін аңғаруға болады. Бірақ бұл жұмыстар ел игілігі үшін атқарылған көп тірліктің бірі ғана. Бұған жол жөндеу, көлік инфрақұрылымын дамыту және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бойынша атқарылған жұмыстарды қосыңыз. Биылдың өзінде жалпы ұзындығы 358,4 шақырымды құрайтын көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 141 көшеге орташа және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін «Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасына» сай қаржы бөлінген. Бұдан бөлек 147 көшенің орташа және ағымдағы жөндеуіне облыстық, қалалық бюджеттен қаржы бағытталған. Қаланың шет аймақтарындағы 50 көшеге қаржы бөлініп, тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Тәуелсіздік даңғылының жалғасы саналатын С.Бейбарыс көшесінде Қызылжарма каналына дейінгі аралыққа магистралды көше құрылысы да жүргізілуде. Қаланың санитарлық тазалық жұмыстарын қамтамасыз етуге қажетті қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ қаладағы 823 көшенің ұзындығы 352,8 шақырымды құрайтын 135 көшеі жарықтандырылған. Бұған қоса 59 сквер мен аллея және 86 көпқабатты тұрғын үйдің аулаларына жарық бағаналары орнатылды.

Шындығында, атқарылған іс аз емес. Қай жағынан алсақ та ауыз толтырып айтарлық, бас бармақпен баға берерлік жұмыс баршылық.

Ә.ЖҰМАДІЛДӨЛІ
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

СПОРТ

«ДАЛА ҚАСҚЫРЛАРЫН»
ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР?

Апта басында футболдан Қазақстан біріншілігі соңғы ойындарын өткізіп, биылғы маусымды аяқтады. Бұл сында қызылордалық «Қайсар» 6 жеңіс, 6 тең, 8 жеңіліс көрсеткішімен 24 ұпай еншілеп, турнирлік кестеде 7-ші орынға тұрақтады. Биылғы маусым «қасқырлар» үшін сәтті маусым болды деп айта алмаймыз. Жыл басында команда алдына үздік алтылыққа ену жоспары қойылған еді. Алайда Стойчо Младенов жаттықтырған команда бұл жеңіс бағындыра алмады. Сондықтан болғаны мамандар кызметінен кетуге мәжбүр. Енді қызылордалық «Қайсарды» келер жылы жергілікті бапкер жаттықтырады деп күтілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте об-

лыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспанов мәлімдеді. – Қазіргі таңда бапкерлік қызметке үш үміткер бар. Атап айтсақ, осы уақытқа дейін «Қайсардың» аналитик жаттықтырушысы қызметін атқарған Қанат Шерімбетов, «Байқоңыр» командасының бас бапкері Ерлан Шойтұмов және жергілікті жаттықтырушы Сұлтан Әбілдаев бар. Осы үш бапкердің жұмыс жоспарын анықтап, лайықтысын жауапты қызметке тағайындаймыз. Жергілікті мамандар Премьер-лигада команданы жақсы нәтижеге жетелейтініне сеніммен қараймын, – деді басқарма басшысы. Сонымен қатар «Қайсар» футбол клубының жаңа маусымдағы

бюджеті 1 млрд 600 млн тенге болады деп жоспарлануда. Команданың 60 процентін жергілікті ойыншылар құрайтын болады. – Бас бапкер тағайындалғаннан кейін «Қайсар» футбол клубы жаңа маусымға дайындығын бастайды. Команданың негізгі фронттың жергілікті ойыншылар құрайды. Бүгінде Думан Нұрғалиев, Илияс Әмірсейітов, Нұрмыжан Салайдин, Шоқан Абзалов, Иван Граф, Марсель Исламқұловпен келер жылға келісім шартымыз бар. Сондай-ақ Александр Марочкин, Бағдат Қайыров, Александр Заруцкий, Элгуджа Лобжанидзе секілді футболшылармен келіссөздер жүргізудеміз, – деді клуб директоры Серік Досманбетов.

КӘСІП


Өркениетке бет бұрған бүгінгідей заманда темірден түйін түйіп, кәсібінен нәсіп тауып отырған азаматтар бар. Соның бірі – Қанат Жеткергенұлы.

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН
ТҮЙГЕН ҚАНАТ

Кейіпкеріміз жанына бір-екі жігітті жинап, темір қақапа жасауды қолға алған. Осыдан тура төрт жыл бұрын бастаған кәсібі бүгінде қанатын кенге жайып, қаладағы бірегей цехтардың біріне айналған.

Ол бұл күнде дарбаза жасаумен қатар үй есігі, мешіт күмбезі және терезе торын жасайды. Халқымызда «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген даналық сөз бар. Өзінің айтуынша, нағашы атасы заманында дәнекерлеуші болған көрінеді. Оның осы кәсіппен айналысуына, мүмкін, сол себеп шығар. Өйткені байырғы бабаларымыз «Тектіден текті туады» демеуші ме еді. Қанат кезінде қызығушылықпен бастаған кәсібі уақыт өте келе өмір өзегіне айналғанын айтады.

Атадан балаға мұра болған ұсталық өнерді бойтұмардай қастерлеп, ата жолын ардақтап жүрген



жігіт алдағы уақытта цехын кеңейтіп, жұмысшыларды көптеп тартуды мақсат етеді. Міне, мақаламызға өзек болған колонер иесінің еңбек жолы замандастарына үлгі-өнеге.

– Біздің жұмыс – аса ыждағаттылықты қажет ететін кәсіп. Қазір қыс мезгілі болғандықтан тапсырыс берушілер азайған. Жылына шамамен 40-50 темір қақпв жасаймыз. Келген тапсырысты апта ішінде бітіреміз. Жай сөз емес, расымен жұмыстың сапасына терең мән береміз. Бағалары 200 мың мен 1,5 млн теңгенің арасында. «Кәсіптің көзін тапқан, нәсіптің өзін табады» деп тегін айтылмаса керек. Адам қандай іспен айналысса, соның жемісін жейді. «Еңбек ер атандырады» деп бекер айтылмаған. Қазір қоғамда екі қолға бір күрек таппай, ата-анасына масыл болып жүрген жастар жетерлік. Оларға кеңесім: мемлекет пен отбасына қарап отырмай қолдан келер іспен шұғылданды. Ел болашағына тамшыдай болса да өз үлесіңді қос. Міне, сенің Отанға, отбасына деген қолдауың сонда сезіледі, – дейді Қанат Жеткергенұлы бізбен әңгімесінде.

Иә, біз өткенін ұмытпаған, ұлттық болмысын ұлықтаған ұлы дала елінің ұрпағымыз. Қазір инновацияның дамыған дәуірі, жастар ғылыми жаңалықтар ашып қолданысқа енгізуде. Дегенмен атаның қанымен, ананың сүтімен келген ұлттық дүниелерімізді ұмыт қалдырмасқ игі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ЖАС СПОРТШЫЛАР
МАРАПАТТАЛДЫ

Қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов Белкөл кентіндегі спорттық сауықтыру кешіне барып, жас спортшылармен кездесті.

Кездесуде Аскарбек Темірбекұлы жасөспірімдерге кәмелетке толмағандардың құқықтарын, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау ел саясатының басым бағыттарының бірі екенін айтты.

Шара барысында психолог мамандар жастарға кеңес берді. Кездесуде шаһар басшысының орынбасары Грузия астанасы Тбилисиде онлайн форматта каратэ-додан Ката көрсету бойынша өткен Әлем

кубогында жүлделі болған спортшыларды марапаттады. Халықаралық жарыста спорттық шеберліктерімен дараланған жасөспірімдерге жарыс қорытындысына сай сертификат беріліп, спортшыларды ынталандыру мақсатында қала әкімінің қолдауымен каратэ-дога арналған қорғаныс құралдары табыстанды.

Қараша айының 20-сы мен 22-сі аралығында әлемнің үздіктері шеберлік сынақтан Грузиядағы байгеле жас спортшылардың 3-і алтын медаль иеленсе, 4 жасөспірім күміс медальді қанжығасына байлады. Ал 8 жасөспірім әлем кубогінде үздік үштікті түйіндеп, аймақ абыройын асырған болатын.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

ШАБЫТ СЫЙЛАҒАН САБЫН

– Менің негізгі мамандығым – зангер. Бұл кәсіпті хобби ретінде бастауды деуге болады. Бесік тойда қонақтарға

Басы 1-бетте



әдемі сый бергім келді. Отбасымызбен ойласа келе түрлі пішіндегі иіс сабын берейік деп шештік. Есетесек оған біраз ақша кетеді екен. Соған «осыны неге өзін жасап көрмеске?»

деген ой келді. Сабын жасауды солай бастадым. Алғашқыда ғаламтордан іздеп, сол бойынша жасап көрдім. Бірақ онда құрамы толық айтылмайды екен. Сол себепті дұрыс шықпай қалды. Кейін осы істі меңгерген маманнан сабақ алдым. Бастапқыда бояуын аз немесе көп қолданып, түстері сәйкес келмей қалатын. Қол жаттығып, үйрене бастағанда әдемі бола бастады, – дейді Гүлназ бізбен әңгімесінде.

Осылайша ол қонақтарға өз қолынан шыққан туындыны сыйға таратқан. Қай істі бастасаң да оның нәтижесі адамға шабыт береді. Сәтті шыққан дүниелер Гүлназдың бүл істі әрі қарай дамытуына себеп болған. Бала күтімімен демалыста отырған ана қолы боста соны ермек

етеді. Кейін мұны табыс көзіне айналдыруды ойлап, нақты қадам жасайды.

– Қолдан келген істі кәсіпке айналдыру мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы арнайы кұрған өттім. Қазір кәсіп ашамын деген азаматтарға мемлекет қолдау жасайды. Мұндай мүмкіндікті құр жібергім келмеді. Солай мемлекеттің қолдауымен 555 мың 600 тенге көлемінде қаражат алдым. Бұл мен үшін үлкен көмек еді. Сүйікті ісімді кәсіпке айналдырдым. Уақыт өте сұраныс артауда. Мұны кейін мамандық бойынша жұмысқа қосылсам да қатар алып жүруге болатын кәсіп деуге болады, – деді ол.

Гүлназ жасайтын сабындар тек әсемдік үшін емес, емдік жағынан да пайдалы екен. Мәселен, емдік қоспасы бар сабын әжімді кетіруге, бетті ағартуға, майлы, проблемалы бет терісін



қалыпқа келтіру үшін жасалады. Сондай-ақ тапсырыс берушінің қалауымен кез келген пішінде әзірлейді. Бір жылда сабынға сұраныс көбейген. Тіпті Алматы, Ақтау қалаларынан тапсырыс беретіндер бар. Ал бағасы 300-500 теңге аралығында.

Айдана СЕЙІЛ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

BBC NEWS

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ



Өткен аптада Қытай Сыртқы істер министрлігінің өкілі Чжао Лицзянь Twitter әлеуметтік желісіне фотосурет жариялады. Жазбада Аустралия әскери қызметкерінің ауғанстандық бұлдіршін қыз баланың тамағына пышақ тақаған бейнесі көрсетілген. Аустралия билігі болса бұл қаламды «сұрақ» тірлікке балап, қарсы тараптың кешірім сұрауын талап етуде. Осы орайда «BBC» арнасының тілшісі Шайма Халил істің мән-жайын айтақпаған арнайы хабар әзірлеп, тың ақпаратпен бөлісті. Хабар атауы – «Аустралия «жалған сурет» үшін Қытайдың кешірім сұрауын талап етті».

«Қытай Сыртқы істер министрлігінің өкілі Чжао Лицзянь әлеуметтік желіде шындыққа жанаспайтын фотосурет жариялап, фотосуретке: «уайымдама, біз бейбітшілік үшін келдік» деген жазба қалдырған. Мұндай қорлыққа көнбеген Аустралия премьер-министрі Скотт Моррисон фотосуреттің жалған екенін және дереу өшіртіп талап еткен. «Бұл – сорақы тірлік және ешқандай негізсіз фотосурет. Қытай билігі әлем алдындағы абыройын түсірмес үшін бұл әрекетіне ұялу қажет» деген премьер-министр.

Қытайлық шенеуніктің фотосурет жариялауы тегін емес. Себебі өткен айдың ортасында генерал-майор, сот өкілі Пол Бреттонның аустралиялық жауынгерлердің Ауған жерінде жасаған қылмысы туралы мәлімдемесі әлемдік ақпараттық агенттіктерде жарияланған еді. Тергеу мәліметіне сәйкес, 2009-2013 жылдары аустралиялық арнайы топтың 25 әскери Ауғанстандағы 39 бейбіт тұрғынды өлтірген. Оған жиналған дерек пен куәгер сөзі дәлел болған. Тергеу мәлімдемесі мен Қытай тарапының әлеуметтік желідегі әлегі әскерлерге де оңайға соқпады. Соңғы аптада Ауғанстанда арнайы топ құрамында қызмет еткен зейнеттегі 9 әскери азамат өз-өзіне қол жұтсаған».

Сейсенбі күні Аустралиядағы Қытай елшілігі кешірім сұрау талабының орынсыз екенін айттып, қайта қарсы тарапты істеген істі мойнымен көтеруге және кінәлерді жазалауға шақырды.

CNN CNN CNN

ЕКІНШІ ТОЛҚЫНДЫ ЕҢСЕРУ



Канада коронавирустың екінші толқынын шығынсыз өткере алатын қолға алуда. Апта басында премьер-министр Джастин Трюдо экономиканы өрістетуге үшін мемлекеттен 77 млрд доллар бөлінедінін мәлімдеді. Бұл туралы «CNN» арнасының тілшісі Паула Ньютон «Коронавирусқа қарсы бөлінген миллиард» атты хабар дайындап, ресми ақпаратты саралаған.

«Сейсенбіде премьер-министр коронавирустың екінші толқыны экономикаға айтарлықтай нұқсан келтіруі ықтимал екенін айтты. Соған байланысты экономиканы демеу үшін бюджеттен 77 млрд бөлінгенін де жеткізді. Оттавада өткен конференцияда: «Аталған қаржы экономикалық күш-қуатты қалыпты деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Оған қоса бұл инвестиция ешқандай кәсіпкердің қиындықта қалмайтынына кепіл бола алады» делі ол».

Премьер-министр қолға алған жоба алдымен жас отбасы және әлеуметтік демеуді қажет ететін азаматтарды қолдауға бағытталған көрінеді. Елдегі ахуалды оңалту мақсатында тұрақты медициналық бақылау күшейтіліп, АҚШ-пен арадағы шекараның кейбір аумағы жабылған. Себебі Канадада коронавирус анықталған науқас саны 384000 болса, қаза тапқандар саны 12203 азаматқа жеткен.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына

сәйкес сертифицирталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер

мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4. А.

Таралымы 4422 Тапсырыс №649

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН